

Көмір өнеркәсібі саласының жұмысын тұрақтандыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 24 қаңтар N 74. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Көмір өнеркәсібі саласының жұмысын тұрақтандыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігімен бірлесіп алынған көмір, пайдаланған электр және жылу энергиясына байланысты берешектерін өтеу үшін Қарағанды металлургия комбинаты мен Ермак ферроқорытпа зауытына өздері өндірген өнімнің кепілдігі бойынша республиканың коммерциялық банктен тиісінше 650 (алты жүз елу) млн. теңге және 850 (сегіз жүз елу) млн. теңге сомасында кредит алуына жәрдем көрсетсін.

2. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамның бюджет төлемдері, республикаішілік өзара есеп айырысулар бойынша және еңбекақы төлеу үшін алған кредиттер бойынша, сондай-ақ 1993-1994 жылдар үшін соларға есептелетін проценттер бойынша (1994 жылдың 10 мамырындағы жай-күйі бойынша) тиісінше 1569 (бір миллиард бес жүз алпыс тоғыз) млн. теңге және 1398 (бір миллиард үш жүз тоқсан сегіз) млн. теңге сомасындағы берешектерін өтеу мерзімін 1996 жылдың 1 сәуіріне дейін ұзартсын

. < * >

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРМК нің 1996.02.07.

N 168 қаулысымен. P960168_

3. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамның 1994 жылғы мамыр мен желтоқсан айларының арасындағы тиісінше 1540 (бір миллиард бес жүз қырық) млн. теңге және 1774 (бір миллиард жеті жүз жетпіс төрт) млн. теңге сомадағы бұдан бұрын төлеу мерзімі ұзартылған бюджетке беретін қарыздарын мемлекеттік резервке көмір беру есебінен өтеу туралы ұсынысы қабылдансын.

Жоғарыда аталған бюджетке төлем сомалары 1994 жылғы қызметтің қорытындылауы бойынша бюджетке төлем жөніндегі қайта есептеудің нәтижесінен алынған және республикалық бюджеттің табысына төленетін

сомаларға түзету енгізуге жатады деп белгіленсін.<*>

"Қарағанды көмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамы тиісті салық органдарымен бірлесіп, қайта есептеуді ескере отырып, республикалық бюджетке төлеуге жататын төлемде бойынша салыстырып, тексеру актіні түзетін болсын және оны 1995 жылғы 20 сәуірге дейін Қазақстан Республикасының Қажы министрлігіне табыс етсін.<*>

"Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік компаниясы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісуі бойынша үш күн мерзімде мемлекеттік резервке бағасы мен мөлшері көрсетіліп айларға бөлінген көмір өткізудің кестесін дайындап, б е к і т с і н .

1994 жылдың мамыр мен желтоқсан айының арасындағы бюджетке төленетін төлемдер бойынша қарызды өтеу есебіне көмір беру 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап 1996 жылдың 1 шілдесіне дейін жүзеге асырылады деп белгіленсін.

Ескерту. 3-тармақ екінші және үшінші абзацтармен толықтырылды - ҚРМК-нің 1995.03.28. N 343 қ а у л ы с ы м е н .

4. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік компаниясының көрсетілген жеңілдік есебінен "Северная", "Майкұдық", "Дубовская" және "Степная" шахталарының өндірісін жабу жөніндегі негізгі жұмыстарды 1995 жылы аяқтауды және "Северная" кеніші өндірісін кезең-кезеңімен тоқтатуды қамтамасыз ету туралы ұсынысы келісілсін.

5. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі басқа мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесіп 1995 жылы республиканың энергетикалық көмірге сұранысын биылғы жылдың 1 ақпанына д е й і н а н ы қ т а с ы н .

6. "Қарағандыкөмір" мемлекеттік холдинг компаниясы мен "Екібастұзкөмір" мемлекеттік акционерлік қоғамның 1995 жылы республикадағы төлем қабілеті бар тұтынушылардың көмір өніміне деген сұранысын қанағаттандыратындығы және тәсілдемелердің өзгеруін есепке алып, көмір өндірудің өзіндік құнын 1994 жылдың деңгейінің салыстырмалы бағалары бойынша 3-4 процентке төмендететіндігі туралы міндеттемелері назарға алынсын.

7. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі, Көлік және коммуникациялар министрлігі, Өнеркәсіп және сауда министрлігі, Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі комитеті басқа мүдделі министрліктер мен ведомстволардың қатысуымен үстіміздегі жылдың 1 ақпанына дейін баға мен тарифтерді тұрақтандыру, сондай-ақ өзара қарыздарды

қысқарту бойынша бірлескен іс-қимылдар туралы 1995 жылға арналған бас келісімді өз ірлесін.

8. "Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдағаны және басқа да көрсеткен қызмет түрлері үшін дер уақытында ақы төлемеуіне байланысты кәсіпорындар мен мекемелердің жауапкершілігі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 14 сәуірдегі N 306 қаулысының 1-тармағын өзгерту мақсатында, 1995 жылдың 1 қаңтарынан бастап көмір өндіретін кәсіпорындарға көмір тасымалдауға төлейтін төлемдерін уақытында төлемегендері үшін өсімнің мөлшері әрбір кешіктірілген күн үшін төлем сомасының екіден 0,5 процентіне дейін төмендетілсін.

9. Осы қаулының 2 және 3-тармақтары мемлекеттік резервке көмір тапсырудың кестесі Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісілген соң ғана күшіне енеді деп белгіленсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі